

## **Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-13 Шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 қаңтарында № 6-2-125 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 7-14 шешімімен

**Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 7-14 шешімімен**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері бекітілсін.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*С. Молдабеков*

*А. Унетаева*

*Аудандық мәслихат*

*хатшысы*

Байзақ

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

24

желтоқсандағы

№ 36-13 шешімімен бекітілген

## **Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (әрі қарай - Ережелер) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына (әрі қарай - Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі) сәйкес әзірленген.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет есебінен Байзақ ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

"3. Тұрғын үй көмегін тағайындау уәкілетті органмен – «Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Байзақ аудандық мәслихатының 2011.12.20 № 47-10 (ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

4. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Байзақ аудандық мәслихатының 2011.12.20 № 47-10 (ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

Отбасының шекті жол берілетін шығыстардың үлесі отбасының жиынтық табысының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасының жиынтық табысы атаулы әлеуметтік көмек туралы заңнамасымен айқындалған тәртіпте есептеледі.

5. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын жайы (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға тапсыратын табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Мүгедектерді, магистратураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, он алты жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген, еңбек істеуге қабілеті болса да жұмыс істемейтін адамдары бар табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

## 2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға өтініш береді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй көмегін көрсетудің ережелерінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар салыстыру үшін көшірме және түпнұсқада ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

7. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан асыра алмайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Байзақ аудандық мәслихатының 2011.12.20 № 47-10 (ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

8.Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды Байзақ аудандық мәслихатының 2011.12.20 № 47-10 Шешімімен.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандарының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы және тұрғын үй көмегі мөлшеріне әсер ететін басқа да факторлар туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеген жағдайда уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

10. Тұрғын үй көмегінен заңсыз алынған сомалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормалары ескеріледі:

1) өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының н о р м а л а р ы :

жеке басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің мөлшерінен аз емес және нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

екі және одан да көп адамнан тұратын – отбасының әр мүшесіне 18 шаршы метр, бірақ нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

2) электр қуаты нормалары (бір айда): бірден бес адамға дейінгі отбасына – отбасының әрбір мүшесіне 50 киловатт;

бес және одан да көп мүшелі отбасына – 200 киловатт;

3) газ нормалары (бір айда):

газ жылыту пеші бар болғанда (1 шаршы метрге) - 7,88 текше метр;  
газбен ас дайындау пеші бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) - 22 текше  
м е т р ;

сұйытылған газ бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) – 8,2 килограмм;  
4) қатты отын нормалары (жылыту мерзімінде) - 75,75 килограмм 1 шаршы  
метрге.

### **3. Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі**

12. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

### **4. Қорытынды ережелер**

13. Осы Ережелермен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.